

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ KAZAK DİLİNDEKİ DEYİMLERİN KULLANIM ÖZELLİKLERİ

*Karlygash SAREKENOVA**

Özet:

Dilimizin kelime hazinesinde sadece birer sözcükle değil, birkaç sözün bir araya gelmesiyle yapılan birleşik sözcüklere de rastlanır. Örneğin (direkt çeviri): ala ağız (kavga etmek), taya işaret basılmışçasına (çok belli, anlaşılmaması zor), saçı dik durmak (kalbi yerinden fırlamak), koyun ağzından ot almaz (karıncayı bile incitmez), koyun üzerinde tarlakuşunun yumurta bırakması (barış zamanında yaşamak). Kazak dilinde bunun gibi birleşik sözcükler fazlasıyla vardır. Bunlar deyimler veya kalıplaşmış sözler olarak adlandırılır. Kalıplaşmış söz en az iki sözden oluşup bütün bir anlamı içeren birleşik sözcüklerdir.

Deyimler kullanım alanına göre üç yönden dikkate alınmaktadır:

- 1) Eski deyimler*
- 2) Pasif deyimler*
- 3) Dilimizde etkin bir şekile kullanılan aktif deyimler.*

Eski kalıplaşmış sözler dediğimiz şimdiki zamanda kullanılmayan, anlamını ancak sözlükten anlayabildiğimiz, genellikle kurgusal edebiyat dilinde, onun içinde tarihî eserlerde kullanılan kalıplaşmış sözlerdir. Eski deyimler arkaizmler (kullanımdan düşmüş deyimler) ve tarihî deyimler olarak ikiye bölünür. Arkaizm deyimler gelenek ve toplumsal bilinç ile ilgili deyimler; âdetlerle ilgili deyimler; din anlayışıyla ilgili deyimler; ev yaşantısıyla ilgili deyimler; insanla ilgili deyimler; ruh hâli ve keyifle ilgili deyimler olarak gruplara ayrılmaktadır.

* Doç. Dr., L. Gumilev Avrasya Millî Üniversitesi, sarekenova@mail.ru.

Tarihî kalıplaşmış sözler anlam özelliklerine göre tarihî dönemlerle ilgili deyimler, askeri rütbe ve silah türleriyle ilgili deyimler, Sovyet hükümetinin iktidarıyla ilgili deyimler olarak gruplar oluşturmaktadır.

Eski deyimler kullanım dönemine göre halk edebiyatı eserlerinde kullanılan eski deyimler, Eski Türk Yazıtları dilindeki deyimler, XV-XVIII. yüzyılların şair ve öykücülerinin eserlerindeki eski deyimler, XIX. yüzyıl ile XX. yüzyıl başındaki eserlerde kullanılan eski deyimler, Sovyet Dönemi eserlerinde kullanılan deyimler olarak beş grup oluşturmaktadır.

Pasif deyimler şimdiki zamanda ilk baştaki anlamını kaybetmeye başlayan, bu günlerde kullanımdan düşen, ancak anlamı şu anda anlaşılabilir, ama yine de eski deyimler grubuna geçmemiş kalıplaşmış sözlerdir.

Pasif deyimler anlam özelliklerine göre zaman ve dönem ölçümüyle ilgili deyimler, hacim ölçümüyle ilgili deyimler, uzunluk, kalınlık ve derinlik ölçümleriyle ilgili deyimler olarak üç gruba bölünür.

Aktif kullanımdaki deyimler dediğimiz bu günlerde konuşma dilinde, gazetecilik ile kurgusal edebiyat tarzında etkin bir şekilde kullanılan, anlamı açık ve anlaşılabilir kalıplaşmış sözlerdir.

Aktif kullanımdaki kalıplaşmış sözler türlerine göre deyimsel bütünlük, deyimsel birim, deyimsel dizimler olarak üç grupta dikkate alınmaktadır. Bu makalemizde kalıplaşmış sözlerin özellikleri üzerinde durup, dilsel analiz aracılığıyla onların özelliklerini ortaya çıkarmak istedik.

***Anahtar sözler:** Kalıplaşmış sözler, eski deyimler, arkaizm deyimler, tarihî deyimler, pasif deyimler, ölçüm birimleriyle ilgili deyimler, aktif deyimler, deyimsel bütünlük, deyimsel birim, deyimsel dizim, kurgusal edebiyat eseri.*

Features of Phraseology in the Kazakh Language

Abstract:

There are not only simple words, but also complex units by structure in the treasury of the Kazakh language. They are: ala auyz, taiga tanba basqandai, to be shashy tik turu, qoi auzyndan shop almas, qoi ustinde bostorgai zhummyrtqalagan e.t. There are many such words in the Kazakh language. They are called phraseological units or stable combination of words. Phraseology consists of at least two words that denotes something unified in meaning.

Phraseological units in terms of prevalence are considered in three aspects:

- 1) archaic phraseology;*
- 2) passive phraseology;*
- 3) active phraseology which is regarded as the most basic, productive in the language.*

Archaic stable units are called stable combinations that are not currently used, the meaning of which can be determined using a dictionary, mainly used in the language of art literature, including historical works. Archaic phraseological units are divided into archaisms and historical phraseological units. Stable combinations of related archaisms are divided into the following phraseological units concerning customs and traditions, religious concepts, everyday, person, mood. Historical sta-

ble units according to the meaning of the phraseology are grouped into phraseology related to historical epochs, phraseology related to the military ranks and types of weapons phraseology related to Soviet rule's management.

According to the era of archaic phraseology is divided into five groups. They are: archaic phraseology used in folklore works, in the language of ancient Turkic inscriptions, in the works of the poets and storytellers of XV-XVIII centuries, in the works of the XIX and early XX centuries, in the works of the Soviet era.

Passive phraseology is regarded as a stable units that has now lost its original meaning. Moreover, it has been abandoned in our present life, but it's meaning is clear at the moment. Furthermore, it is not regarded as the archaic phraseology. Passive phraseology has been grouped into three groups, depending on their semantic peculiarities as phraseology related to the measurement of time and period, phraseology related to the measurement of volume and phraseology related to the measurement of length, thickness and depth.

Active phraseological units are regarded as stable combinations of words that are productively used in the language of oral speech, publicist and artistic-literary style, with understandable meaning.

According to the types of phraseology the stable units are considered in three groups - phraseological integrity, phraseological unit, phraseological chain.

These features of stable units are considered and exposed by language analysis in the given article.

Keywords: Stable units, archaic phraseological units, phraseological units, archaisms, historical phraseological units, passive phraseological units, phraseological units of measure, active phraseological units, phraseological connections (idioms); phraseological unity; phraseological combinations, artwork.

Кіріспе. Фразеологизмдердің қолданылу аясына қарай үш аспектіде қарастыру ғалымдардың арасында кеңінен тараған, мақұлданған. Фразеологизмдердің қазақ тілінде жұмсалуды, қолданылу өрісі сияқты аспектілері әр түрлі. Мұны үш жағдайда қарастырған жөн:

- 1) көнерген фразеологизмдер;
 - 2) пассив фразеологизмдер;
 - 3) тілдегі ең негізгі, өнімді жұмсалатын актив фразеологизмдер.
- Бұлар кейде көнерген фразеологизмдердің де есебінен толығып отырады. Соңғы екі түрі көнерген және көнеруге жақын фразеологизмдер стилистикалық интерпретация арқылы өз мүмкіндіктерін қолданыс аясында ғана көрсете алады. Пассив фразеологизмдер мен көнерген фразеологизмдердің арасында ғана нақтылы қолданыс кезінде бір-бірінен айырмашылықтары айқындалады.

Негізгі бөлім.

1. Көнерген фразеологизмдер. Көне фразеологизмдер тілімізде көптеп кездеседі. Көне фразеологизмдер де лексика тәрізді «Көнеру сипаты мен тілдегі қолдану ерекшеліктеріне қарай көнерген сөздер архаизмдер мен историзмдер болып екі салаға бөлінеді.

Архаизмдер – халықтың күн көріс тіршілігіне, салт-сана тұрмысына, әдеп-ғұрпына, дүние танымына қарай әр дәуірде өзгеріп, басқаша сөздермен ауысып отырған немесе ескіріп біржола қалып қойған сөздер. Тарихи сөздер дәуірі өтіп, сол ескі заманның өзімен қоса жоғалған сөздер тарихи сөздер деп аталады. Тарихи сөздердің көнеруі тарихи атаулардың құрып бітуімен, біржола жоғалуымен байланысты болады» (Болғанбайұлы, Қалиұлы 1997: 180-182).

1.1. Қазақ тілінде архаизмге айналған фразеологизмдердің мынадай түрлерін айтуға болады:

Салт-сана, әдет-ғұрыпқа қатысты: сауын айту; ұрын бару; жылу жинау; ат-шапан айып; ақ киізге көтеру; босаға аттар (күйеуден алынатын кәде); көрпе қиылдатар; шаш сипату; қол ұстатар; күйеу аттандырар; кара байлау т.б.

Діни ұғымға қатысты: тәуап ету; азан айту; бармай тапқан қағба; үшкілсіз көйлек кию (о дүниелік болу); қыдыр дару; қыдыр қону, шаһид кешу т.б.

Үй тұрмысына қатысты: тал шарбаққа мад сақтау, тас қалаға жан сақтау, жылқышысын дойырлау, жылқыларын сойылдау; аузынан ас, кара көзден жас кету; құнсыз кету; ит түрткі көру; кара табан; кесік құлақ; ғарып болу; ат арты күн; айырбас сарай (айырбас, сауда жүргізілетін орын); төбесін тесу (жазасын беру); жеті атасынан кара көк; қаралы ер тұрман; есігінде жүру; аң білік (аңшы бұйымдар дүкені); құрама шапшақ көп қымыз (бір күбі қымыз); малы пышақтан кетпеу, қазаны оттан түспеу, дәулеті күнге артылу (баю, дәулеті молаю); ақ берен т.б.

Мал атауына қатысты: тоғынды сарты нар; табаны жалпақ тарлан (жүйрік ат); суын түсті жүйрік (тұлпар ат) т.б.

Адамға қатысты: кара мен төре; сөзі аузына сыймаған (шешен); қисық туу (мінезі нашар адам); алтын тонның жеңі болу (қадірлі, сыйлы); найзасының ұшы алтын кісі (ержүрек, батыр); жүрегіннің басы, көз үстіндегі қасы (ең жақыны, ақылшысы); кара сирақ (тақыр кедей); көкірегі жаулы (ер жүрек); жуан жұдырық; ғарып мүскін (бейшара жан), атайман атану (мықтысы, күштісі); ауылнай басы; жауырына қонды көбе сыймау (ұрыста жеңілмеген) т.б.

Көңіл-күйге қатысты: көзін қамау (алдау); ақылды белден алдыру (ақылды тыңдамау); өкпесі торығу (сазайын тарту); желке терісі құрысу (ашулану); жүрекке сары су болу (уайымдау); мүйізі бұлтқа жете жаздау (қуану); топқа жаяу бару (қадірі кету); жағасына қол тию (зәбір көру); аттың басын тартпау (қаймықпау, жауына қарсу тұру); саусағын жерге түсірмеу (иілмеу, асқақтау) т.б.

Әр түрлі ұғымға қатысты: арғымақ сайлау (жауға аттану); хан-талау қылау (үлесіп алу); кедейдің керінен сақта, жазған [жаппар] құлда жан [шаршау] бар ма?; дат тақсыр!; билердің көтен билігі (жөнсіз билік); алпыс ала балта сындыру (көп әскерді жеңу), артқы топтан адаспау (елден қол үзбеу) т.б.

Қорытындылай келгенде, архаизм сөздер секілді тұрақты тіркестер де халықтың күн көріс тіршілігіне, салт-сана тұрмысына, әдеп-ғұрпына, дүние танымына қарай әр дәуірде өзгеріп, басқаша сөздермен ауысып отырған немесе ескіріп біржола қалып қойған фразеологизмдерді қазақ тілінде салт-сана, әдет-ғұрыпқа қатысты, діни ұғымға қатысты, үй тұрмысына қатысты, адамға қатысты, көңіл-күйге қатысты деп бөлуге болады.

1.2. Тарихи фразеологизмдерді де бірнеше топқа бөлуге болады: Тарихи кезеңдерге қатысты: алты сан алаш; қарағай басын шортан шалу; ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама; Қасымханның қасқа жолы; Есімханның ескі жолы; Күл төбенің басында күнде жиын; құба қалмақ заманы т.б.

Әскери атақ пен қару түрлеріне қатысты: ала балта; қара нөпір қол (көп қол, әскер); алты құлаш ақ найза; білтелі мылтық; жүз басы; түмен басы; ал білек оқ; дулығалы бас; қара мылтық; қоңыраулы найза; алдаспан ауыр қылыш; сары жүн оқ; толғамалы ала балта т.б.

Кенес үкіметінің басқаруына қатысты: кедейлер комитеті; партия ұясы; қызыл отау; қызыл әскер; ақ банды; ұя хатшы; қара таяқ; қазынаға түсіру; ауыспалы қызыл ту; социалистік жарыс т.б.

Көнерген тұрақты тіркестер. Бұлар, көбіне көркем әдебиет тілінде, оның ішінде тарихи шығармаларда қолданатындығымен ерекшеленеді.

«Идиомалық тізбектер талай ғасырдың жемісі болғандықтан, бұлар да дамиды, кейбіреулері ескіріп, ұмытылып қалады. Қоғамдық құрылыстың, экономикалық жағдайдың жайына байланысты жаңа идиомалар да пайда болады. Мысалы, «Ол бір алмас қылыш» деген жаугершілік заманда айтылса, осы күнде қолданылмайды», – деп жазылған 1954 жылы шыққан «Қазіргі қазақ тілі» еңбегінде (Қазіргі қазақ тілі 1954: 82).

Мұндай ұмтылып, ескіріп қалған, яғни лингвистикалық терминмен айтқанда, көнерген фразеологизмдер қазіргі сөйлеу тілімізде қолданылмайтындықтан, жоғарғы стильдік реңкке ие болады.

Қазақ халқы бүгінгі таңға дейін небір замандарды басынан кешірді. Бір тіл – бір ұлт дейтін қағидаға сүйенер болсақ, заман өзгерген сайын халықтың тілдік элементтері де өзгеріп отырады. Мысалы, XV ғасырда қазақ хандығы құрылды, одан кейінгі қазақтардың басынан өткен жоңғар шапқыншылығы, қалмақтар мен қазақтар арасындағы қырғын, хандар билік еткен заман, кеңес үкіметінің орнауы, Ұлы Отан соғысы, Қазақстанның Тәуелсіздік алуы мұның барлығы да тілімізге өз элементтерін қосып, ескіргені қалып, көне элементтерге айналып отырды. Ал осының барлығы «ғалымның хаты өлмейді» дегендей әдебиетіміз арқылы, тарих арқылы бізге жетіп отырды. Әдебиетпен ұштастырып, көнерген фразеологизмдерді дәуірге қарай саралар болсақ, онда былай бөлуімізге болады деген ойдамыз.

1. Фольклорлық шығармалардағы көнерген фразеологизмдер
2. Көне түркі жазба ескерткіштер тіліндегі көнерген фразеологизмдер
3. XV-XVIII ғасырдағы ақын-жыраулар шығармаларындағы көнерген фразеологизмдер
4. XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы шығармалардағы көнерген фразеологизмдер
5. Кеңес дәуірі тұсындағы шығармаларда қолданылған көнерген фразеологизмдер.

Міне, осындай бес дәуірге бөліп қарастырғандағы фразеологизмдерге мән берер болсақ, Е.Жұбановтың Эпос тілінің өрнектері еңбегінен «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының бірнеше нұсқасындағы көнерген фразеологизмдерге мыналарды жатқызуға болар еді:

Тазшамен ойнас болып жамандатты,
Күймеде Баян деген **бақыты қаран**

Жасымнан ерке болып өсіп едім,
Жақпас қонақ **келдесін кесіп** едім.

Нетесің босқа сұрап Сарыбайды,
Сұрасаң Сарыбайды **мәрғау кеткен**.

Бұл мысалдардағы, қазір қолданбайтын, яғни көнерген бақыты қаран-бақытсыз, келдесін кесу - басын алу және мәрғау кету - келмеске кету, өлу мағыналарын білдіреді.

Мінді де күреңшені кетті дейді,

Жылында ат құйрығы жетті дейді (Қозы Көрпеш-Баян сұлу).

Осындағы «жылында ат құйрығы жетті» дегеннің мағынасын біз тек ассоциация жолымен «ұзақ жүріп жеттің деп қана түсінбесек, қазіргі тілімізде кездеспейтін құбылыс (Жұбанов 1978: 126).

Ал көне түркі жазба ескерткіштерінде қолданылған фразеологизмдер «Шежіреде» қазіргі қазақ тілінде кездеспейтін сөз тіркестері де ұшырайды. Бұлар сан жағынан өте көп емес. Мысалы: «ештеңе дей алмайды (демеді)» деген мағынада «шежіреде» - «дем ұрмады» деген тіркес қолданылған. – *Ол кіші менің бұ сөзім раст келгендін соң неч дем ұрмады. Білекеч султан... көз іліб йазмас мерген екендүр, арабаның ішінде Йатыб тік иүкүнүб туруб онлы уа соллы атғаныға көз икермес екендүр.* Қазіргі қазақ тіліндегі «құралайды көзге атқан» немесе «көрінгенді қалт жібермейтін (мерген)» деген мағынада «шежіреде» «көз іліб йазмас» фразеологизмі, ал «көз ілеспес (шапшандық)» дегеннің орнына «көз икермес» тіркесі қолданылған (Әбілқасымов 1983: 93).

Қазақ әдебиетінің тағы бір кезеңі XV-XVIII ғасырдағы ақын-жыраулар поэзиясында кездесетін тұрақты тіркестер жайлы Г.Боранбаева XV-XVIII ғасырдағы қоғамдық құрылысқа, әлеуметтік басқару жүйесіне байланысты және бұл күнде қолданылмайтын қару-жарақ, құрал-сайман атауларына қатысты фразеологизмдер қазір түсінікті болғанымен, қолданыста сирек кездеседі. Мысалы, ала балта, ала білек оқ, дулығалы бас, боз орда т.бт фразеологизмдер», – деп келтіреді өз диссертациясында.

Қазіргі әдеби тілде **тұл** сөзі қатысатын мынандай тіркестер бар: тұлан тұту –«ашулану», тұл қатын – «жесір әйел», тұл болу – «иесіз қалу» XVIII ғасырда Бұхар жырау тілінде **жер тұлдану** деген фразеологизм кездеседі.

Сегіз қиыр шартарап,

Жер тұлданып тұрмасқа.

«Жер иесіз қалу, шапқыншылыққа ұшырау» деген тіркестердің образды түрі – XVIII ғасырда қолданылған **жер тұлдану** деген фразеологизм (Боранбаева 1994: 104).

Ал енді XIX ғасырдың II жартысындағы **хатқа тізілу** – «айыпты адам ретінде аты жөні жазылып, есепке алыну» (Жігітектен отыз адам хатқа тізіліпті); **бойын кездеу** – «тұтқындалған адамның түр тұрпатын көрсететін белгілерді қою» (Болмаса сұр шекпенді кигізіп, бойын кездеп айтқанша тоқтаспасын); **молда болу** – «сауатты адам болу» (Балам, молда болдың ба?) деген егістіктер бұл күнде көрсетілген мағыналарда қолданудан шығып қалған сөздер. Бұларды жазушы кейіпкерлер аузына

салып, сол тұстың сөйлеу үлгісін шынайы түрде берген», – деп түсіндіреді ғалым Р.Сыздық (Сыздық 1993: 180).

Біздің смена жеңіс вахтасында тұрып, **ауыспалы Қызыл туды** қолдан шығармай келеді (Ә.Сатыбалдиев).

Осындағы «ауыспалы Қызыл ту» - кеңестік дәуірде жарыста жеңіске жеткен коллективке, жеке адамдарға берілетін ту. Бұл тіркес те осыдан 20-30 жыл бұрын ғана қолданылса да, қазіргі тілімізде көнерген элементке айналып отыр.

Ойбай-ау, тіпті **қара қағаз** алғандар да отырған жоқ па. Саған не болған – сонша. (Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі).

Осы мысалдағы қара қағаз тіркесі Ұлы Отан соғысы кезіндегі қаралы хатты білдірген.

Сондай-ақ, кеңес дәуірінде қолданылған мынадай фразеологизмдерді келтіруге болады: арғы бетке өту (ел тұрғындарының шет елге кетуі); жаппай сауат ашу; қызыл отау; қырғи қабақ соғыс; ауыспалы қызыл ту; тың көтеру; мойнына ақша міну; комсомол комитеті; әйел теңдігі; Орталық комитет; бесжылдық жоспар тәрізді тіркестер көнерген элементтер қатарына өтті.

Бұл көнерген элементтер қазіргі ауызекі сөйлеу тілімізде қолданылмағанмен Р.Сыздықтың айтқанындай белгілі бір жағдайларда кітаби фразеологизмдер ретінде қолданылады. «Көне сөздер олардың көнерген (архаизм) деп аталатын түрлері де бірнеше мақсат көздей жұмсалады. Көнерген сөздер бұл күнде қолданыстан қалып, мағыналары көмескі тартқандар, орнын өзге тұлғалар басқан сөздер, ал тарихтық сөздер бұл күнде қолданыстан шығып қалған заттардың, құбылыстардың, ұғым- түсініктердің атаулары, сондықтан бұлардың жұмсалыуы тек қана зәрушіліктен тууы қажет. Ал зәрушілік туғызатын фактордың бірі – өмір шындығын дәл суреттеу принципін ұстау. Айталық, өткен дәуірлерде болған оқиғалар, іс-әрекеттер, адамдар жайында жазылған көркем шығармада сол дәуірге тән, бірақ қазір ұмыт болған немесе қасаң (пассив) қолданылатын көне заттардың, құбылыстардың, қарым-қатынастардың атауларын жұмсау-көркем әдебиеттің негізгі талабы, бұл талапты дұрыс орындау суреткердің мамандық (профессионалдык) парызы.

Демек, заман шындығын танытатын көне элементтер: жеке атаулар, сөз жұмсау модельдері, сөз құрастыру үлгілері, көне жалғау-жұрнақтары мен ескіше сөз қосарлар т.б. – көркем әдеби тіл нормасына сай түсетін, уәжді, орынды қолданыстар болып саналады. Бұл заңдылықты түсініп, оны көріктеу әдісінің бірі деп тұту – қазақ прозасында, әсіресе тарихи

роман, повестерде әуел бастан дұрыс танылып, орын алып келе жатқандығын айтуға болады (Сыздық 1997: 201).

Бұл бөлімді қорытындылай келгенде, талдаған мысалдардан байқағанымыз, көнерген тұрақты тіркестерді мағыналық ерекшелігіне байланысты тарихи кезеңдерге қатысты тұрақты тіркестер, әскери атақ пен қару түрлеріне қатысты тұрақты тіркестер және кеңес үкіметінің басқаруына қатысты тұрақты тіркестер деген топтарға бөлінсе, әдебиетті дәуірлеуге қатысты – фольклорлық шығармалардағы көнерген фразеологизмдер, көне түркі жазба ескерткіштер тіліндегі көнерген фразеологизмдер, XV-XVIII ғасырдағы ақын-жыраулар шығармаларындағы көнерген фразеологизмдер, XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы шығармалардағы көнерген фразеологизмдер және кеңес дәуірі тұсындағы шығармалардағы көнерген фразеологизмдер деп топтастыруға болады. Бұл шығармалардағы көнерген фразеологизмдер заман шындығын нақты бейнелеу үшін қолданылады.

2. Пассив фразеологизмдер. Пассив фразеологизмдерге, яғни көнеріп келе жатқан тұрақты тіркестер жайлы айтар болсақ, онда қазақ халқы революцияға дейін көшіп-қонып көшпенділік дәуірді ұзақ уақыт басынан өткізгендігі белгілі. Олар жаз жайлауда, қыс қыстауда, күз күзекте көшіп-қонып жүргенде, уақыт мерзімін, ұзындық пен көлемді қалай өлшеп білген деген заңды сұрақ туады. Сол заманда біздің халқымыздың уақытты сағатпен көлем мен салмақты таразымен, ұзындық пен кеңістікті метрмен өлшеуге әлі онша дағдыланбаған, үйренбеген кезі еді. Бәлкім, сол кезеңге бұл өлшемдердің көшпенділік тұрмысқа соншалықты қажеті де болмаған шығар. Қалай дегенмен, сол заманның тұрмыс-тіршілігіне лайық өз өлшемдері болғандығын тілдегі өлшемдік ұғымды білдіретін қыруар сөздер мен тұрақты сөз тіркестері арқылы танып білуге болады. Өткен заманда қазақтар уақытты сағатпен нақтылап өлшемегенімен, секунд, минут, сағат деген уақыт өлшемдерін шамамен дәл болжай білген. Мәселен минут пен сағатты бие сауым, сүт пісірім, шай қайнатым, ет асым сияқты нақтылы мөлшерлі уақытпен білдірген. Осы фразеологиялық тіркестер сағат болмағанымен, сағаттың орнына жүрген. Тәулік пен жыл ішіндегі мерзімдерді нақтылап дәл айыру үшін қазақтар Ай, Күн, Шолпан, Жетіқарақшы, Үркер, Темірқазық, Есекқырған тәрізді толып жатқан аспан денелерін молынан пайдаланған. Олардың күнбе-күнгі (тәулік бойындағы) айлық, жылдық кимыл-қозғалыстарын қадағалап бақылап отырған (Жұбанов 1994: 210).

Енді осы өлшемдік ұғымдарды білдірген біраз фразеологизмдер пассив қолданысқа өтіп барады. Мысалы,

2.1. Уақыт, мерзім өлшемдері: ел орынға отыра; ел жата; жылқы жусар кезде; мал балалап жатқанда; ел қосқа шыққанда; көктің көлінде; ел жайлауға көшерде; күзем алып жатқанда; қой қырқарда; ел күзекте отырғанда т.б.

2.2. Көлем өлшемдері: бір тайпа ел; бір қора қой; бір қоспақ (келе) түйе; бір көген қозы; бір желі құлын; бір айдам жер; бір тең жүк; бір кесек киіз; бір білем май; бір шағым қант; бір саба қымыз; мыңғырған мал; жер қайысқан қол т.б.

2.3. Ұзындық, қалыңдық, тереңдік өлшемдері: сала құлаш жіп; ат шаптырым; айлық жол; оқ бойы; түстік жер; бір көш жер; арқан бойы; бір сүйем; сынық сүйем т.б.

Осы өлшемдік ұғымдары қазіргі заманымызда пассив қолданылады. Сондай-ақ, бұл сияқты халықтық өлшемдердің әлі де актив қолданылатындары да бар. Мысалы, секунд ұғымын қас қағым, кірпік (қабак) қаққанша; көзді ашып-жұмғанша; демнің арасында; табан аузында деген дене мүшелерінің қимыл-қозғалысы арқылы жасалған фразеологизмдер.

Уақыт-мезгіл өлшемдерінде мұндай қас, қабак, кірпік, көз, ауыз, дем сияқты адамның дене мүшелерінің қимыл-қозғалысы пайдаланылса, ұзындық пен қалыңдықты өлшеуге елі, сүйем, қарыс, табан, адым, тұтам, құшақ тәрізді атаулар қатысады. Мәселен, жылқының қазысын өлшегенде пышақ сырты, қыл елі, жарты елі, шынашақ, бір елі, бармақ елі, екі елі, үш елі, төрт елі, сынық сүйем, табан сере деп талдайды. Бұл өлшемдер ел арасында әлі күнге актив қолданылады.

Сондай-ақ, көнерген сөздердің кейбіреулері жаңа мағына алып сөздік құрамдағы актив сөздердің қатарына қайтадан қосылуы мүмкін. Мысалы, қазіргі тіліміздегі **төр аға** деген тіркес «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» көне элемент деп берілген. Сондай-ақ, төр ағаға қоса, төр айым деген тіркес те жұмсалады.

Төр аға к ө н е (бастық).

Сарқанға келсе, әскердегі Колесников осындағы станциялық ревкомға төр аға болып тағайындалған екен (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі).

Ал қазір осы тіркес тура осы мағынасында тіліміздің актив элементі ретінде қолданылады.

Республикамыз тәуелсіздік алып, тіліміз, дініміз қайта оралғаннан кейін фразеологиялық, түсіндірме сөздіктерде көне деп берілген діни фразеологизмдер де қайтадан актив фразеологизмдердің қатарына өтті. Мысалы, аруақ (құдай, алла) қолдасын; бата қылу (оқыды); дін мұсылман ағайын; жазмыштан озмыш жоқ; жетісін беру; қырқын беру; қыл көпір;

зәмзәм суы; қажылыққа бару; зікір салу; иманды адам; иманы жолдас болсын; құран сөзіндей; құрбан шалу; намазы қаза болу, неке суын ішу; некесін қию; пайғамбар жасына келу; пітір беру; дем салу; аруаққа сиыну; зиярат ету; аруағы ұшып кету; аруақ қысу; аруақ қону т.б.

Сонымен пассив фразеологизмдер қазіргі уақытта актив қолданылмаса да, нақты көне фразеологизмдердің қатарына енгізілмеген. Олар мағыналық ерекшеліктеріне қарай – уақыт, мерзім өлшемдеріне қатысты фразеологизмдер, көлем өлшемдеріне қатысты фразеологизмдер, ұзындық, қалыңдық, тереңдік өлшемдеріне қатысты фразеологизмдер – деп үш топқа топтастырылды.

3. Актив фразеологизмдер. Таза актив қолданыстағы фразеологизмдерге келер болсақ, онда ең алдымен фразеологизмдердің түрлеріне байланыстырып айтуға болады. «Қазақ тіліндегі фразеологизмдер фразеологиялық тұтастық фразеологиялық бірлік және фразеологиялық тізбек болып үш топқа жіктеледі».

3.1. Фразеологиялық тұтастық дегеніміз фразеологизмнің құрамындағы сөздер бір-бірімен тұтасып, әбден жымдасып кеткен, олардың мағыналық жігін ешқандай ажыратуға болмайтын тұрақты тіркестер. Мәселен, мұрнынан шаншылып жүр, мұрнына су жетпеді дегеннен қолы тимеді, бұрылуға мұршасы болмады дегенді түсінеміз. Бұл мағына осындай үш сөздің тұтас жиынтығынан келіп шығады. Түйдек ішіндегі жекелеген сөздерге талдау жасап, бірін екіншісінен бөліп алуға көнбейді. Түйені түгімен жұтты дегеннен ойсырата пара алып, елді қанады деген мағына туады. Бұл мағынаның жасалуына түйе, түк, жұту сөздерінің тікелей қатысы жоқ, соларды бірінен соң бірін тіркеп, жұбын жазбай қолдану арқылы пайда болған. Жағына пышақ жанығандай дегеннен тамырына ілінген арық, жүдеу дегенді түсінеміз. Бұл мағынаны жасауға жақ, пышақ, жану сөздерінің тікелей қатысы болмаған. Иегінен тағалы ат тайып жығылғандай дегеннен сақал- мұртынан жұрдай, көсе дегенді ұғынамыз. Мұнда да мағына тұтастығының бірлігін айқын байқаймыз. Аттың жалы, түйенің қомында дегеннен қарбалас шақ, абыр-сабыр уақыт дегенді түсінеміз. Мұнда да тұрақты тіркестегі жеке сөздер мен фразеологиялық мағына арасында тікелей байланыстың болмағандығы байқалады. Бір ұрты май, бір ұрты қан дегеннен екі жүзді, залым дегенді ұғынамыз. Бұл фразеологиялық мағына тұрақты тіркестердің құрамындағы бір, ұрт, май, қан деген сөздердің меншікті мағынасымен мүлдем сәйкеспейді. Фразеологиялық тұтастық жеке сөздердің тұтас жиынтығынан пайда болғанымен, олар іштей түрлі бөлшектерге бөлінбей, іс- әрекетті, сапа мен белгіні, зат пен құбылысты бір бүтін атау ретінде көрсетіп бере алады.

Фразеологиялық тұтастықтың түрлі стильдік қабаттардағы қолданылуына келер болсақ, онда ең бірінші фразеологизмдердің ең көп қарастырылатын ауызекі сөйлеу тілі фразеологиясында жүзеге асады. Мысалы,

«Жарайды, болады», – деп айтпайсың, ылғи **аузыңды қу шөппен сүртесің** де отырасың, соның ұнамайды (Б.Нұржекеұлы).

Бірі жылқышы, бір биеші – екеуін «Бірің батыр, бірің балуан» деп қойыпты. Екі туысқан құдайдың құтты күні **қырық пышақ!** (М.Әуезов).

Бір күні тал түсте Имам бақырып-шақырып, әкеме едірендеп жетіп келді, **аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығады** (Ш.Күмісбаев).

Әлі әдебиетте төбе көрсете қоймаған, тиіп-қашты жазып жүрген кез-тін. Қысқасы **кеудесіне нан пісе қоймаған** әлі (Ш.Құмарова).

Мақтамен бауыздап отырсың-ау ә! – деді Сабы, басын шайқап. – Жарайды сол үшін-ақ ішелік (Қ.Жұмаділов).

Осы келтірілген мысалдағы ауызекі сөйлеу тілі фразеологиясына жататын аузын қу шөппен сүрту тұрақты тіркесінің мағынасы – өмірі жоқ деп отыру, ал бұл мағынаға ауыз, қу, шөп, сүрту сөздерінің қатысы жоқ, тек бір-бірімен тіркесу нәтижесінде ғана белгілі бір семантикаға ие болып тұр.

Қырық пышақ тіркесінен біз ұрсысу мағынасын түсінеміз. Мұндай мағына тұтастығының бірлігін құрап тұрған қырық, пышақ сөздерінің мағынасы мен фразеологиялық мағына сәйкеспейді.

Келесі мысалдағы аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығу фразеологизмнің беретін мағынасы – аузына келген сөздерді айту. Осы тіркеске қатысып тұрған ақ, ит, кіру, көк, шығу сөздерінің номинативті мағынасымен жаман сөздер деген мағына беріп тұрған түйдектің мағынасы да бір-бірімен сәйкеспейді.

Кеудесіне нан пісу деген ФТ-дан біз менсінбеу, өр көкірек ұғымдарын түсінеміз. Ал бұл ұғымның кеуде, нан, пісу сияқты жеке сөздердің мағынасына мүлде қатысы жоқ.

Соңғы мысалдағы мақтамен бауыздау тұрақты тіркесінің фразеологиялық мағынасы ұялту. Бұл фразеологиялық мағына ФТ-ның құрамындағы мақта, бауыздау сөздерінің жеке мағыналары бір-бірімен мүлде сәйкеспейді.

Сонымен, бұл келтірілген мысалдардан байқағанымыз ауызекі сөйлеу тілі фразеологиясында фразеологиялық тұтастық көптеп қолданылады.

Сондай-ақ фразеологиялық тұтастық кітаби фразеология мен қарапайым фразеологияда да кездеседі. Мысалы,

Қабағынан қар жауып, кірпігінен қырау тамған батырлар қайда?
(ҚТФС)

Амалдап **қарағайды талға жалған**,
Әркім жүр алар жердің ебін қамдап (Абай).

Сондай қорлығын көре тұра, – деседі шешем туралы аянышты сөз айтатындар, – жас әйел боп желіккенін, **ерінің көзіне шөп салғанын** көрген де, естіген де жан жоқ (С.Мұқанов).

Осы мысалдардағы кітаби фразеологияда қолданылатын қабағынан қар жауып, кірпіген қырау таму деген ФТ-ның ашулану фразеологиялық мағынасы мен тіркес құрамындағы жеке компоненттердің мағынасы бір-бірімен сәйкеспейді. Екінші мысал да кітаби фразеологияға қатысты. Мұндағы қарағайды талға жалғау тұрақты тіркесінен біз өлместік күнін кешу мағынасын түсінеміз. Мұнда да мағына тұтастығының бірлігі айқын байқалады.

Соңғы мысалдағы қарапайым фразеологияның аумағында қарастырылатын көзіне шөп салу да тұрақты тіркестегі жеке сөздер мен фразеологиялық мағына арасында тікелей байланыс болмаған.

Сонымен фразеологиялық тұтастық кітаби, қарапайым, ауызекі сөйлеу тіліндегі фразеологияда бірдей жүзеге асырыла береді екен. Тек, біздің қолымыздағы жиналған материалдар бойынша, бейтарап стильдік қабаттағы фразеологизмдер арасынан фразеологиялық тұтастыққа мысал ұшырастыра алмадық.

3.2. Фразеологиялық бірліктер де фразеологиялық тұтастық тәрізді орын тәртібі жағынан өте тиянақты болып келеді. Алайда, құрамындағы сөздердің мағынасының қаншалықты тасалануы я болмаса, тасаланбауы жағынан елеулі өзгешеліктері болады. Бұлар ең алғашқы еркін тіркесті ауыс мағынада қолданудан келіп шығады.

Мәселен, ескі жараның аузын ашты дегеннен өткенді қайта қозғады, ұмытып кеткенді еске салды дегенді түсінеміз. Бұл фразеологиялық мағынаның жасалуына, ең алғашқы еркін тіркестегі тура мағынасы негіз болған. Сол мағынаға басқадай мән беріп, ауыстырып қолдану арқылы жасалған. Жатқан жыланның құйрығын басты деген фраза біреудің қытығына тиіп, жоқ жерде бір пәлеге тап болды дегенді білдіреді. Бір қимыл-әрекетті басқа әрекетпен салыстырып қолдану арқылы фразеологизмдерге айналып кеткен. Ит байласа тұрғысыз дегеннен адам түгілі ит екеш ит те тұрып болмайды дегенді түсінеміз. Соңғы фразеологиялық мағынаның жасалуына еркін тіркестегі бастапқы (лексикалық) мағына тірек болғандығы айқын байқалады. Көз көрмес, құлақ естімес жер дегеннен аяқ жетпейтін алыс жер, қиыр

шет деген фразалық мағына пайда болған. Соңғы мағына мен алғашқы мағынаның өзара байланыстылығы анық сезіліп тұрады. Ит көйлекті бұрын тоздырған дегеннен сәл үлкендігі бар дегенді түсінеміз. Жеке сөздердің қосындысынан пайда болған жай ғана туынды мағына емес, бейнеленген туынды мағына екендігін көреміз. Фразеологиялық тұтастық пен фразеологиялық бірліктің ара жігін ажырату кей жағдайда қиынға соғады.

Мәселен, ит басына іркіт төгілді (ағыл- тегіл молшылық) дегенді екі жақты түсініп қалуға болады. Малмен көзі шыққан егде жүрген, әсіресе кейінгі жастар мұны фразеологиялық тұтастық деп тануы сөзсіз. Тұрақты тіркестің алғашқы заттық мағынасы неғұрлым көмескіленіп, тасаланса, күңгірттене бастаса, соғұрлым оның мағына тұтастығы да күшейе түспек. Мәселен, қарғы бау деген тұрақты тіркестің үш түрлі мағынасы бар: 1. Иттің мойнына тағатын бау, 2. Қалың малдың алдын ала берілетін жоралғысы, 3. Тамыр- таныстықпен қалап-сұрап алған зат үшін берілетін төлем ақы. Қарғы бау тәрізді тұрақты тіркестердің жасалу үлгісіне қарап (тамақ бау, балақ бау, аяқ бау т.б), күрделі сөздің тобына да жатқызуға болады.

Алайда, мұның соңғы екі мағынасы тұрақты тіркес екендігін, оның ішінде фразеологиялық тұтастыққа жататындығын бірден танытады. Сол сияқты мойнына мініп алды деген фразаның да екі мағынасы бар: 1. Басынды, иықтады, 2. Біреудің арқасында күн көрді, масыл болды. Фразеологиялық соңғы мағына алғашқы заттық мағынадан келіп шыққандығына қарамастан, фразеологиялық тіркестің қай түріне жатқызуға келгенде кереғар пікірлер болуы мүмкін. Мұндағы басты себеп тұрақты тіркестің мағыналарының тым көнеленіп, ескіре, күңгірттене бастауымен тығыз байланысты. Демек, тұрақты тіркестің мағына тұтастығы кейде кім қалай түсінуімен байланысты шешіледі.

Фразеологиялық бірлік еркін тіркестің ауыс мағынада қоданылуынан келіп шығады. Ал қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің дені жазба тіл дамымай тұрып, ауызша сөйлеуден әуелгі еркін тіркестердің тұрақталуынан пайда болғаны белгілі. Яғни фразеологизмдердің ең көп тараған түрі де, барлық стильдік қабаттарда кездесетіні де осы фразеологиялық бірліктер екен. Мәселен,

Ауыл адамдарынан не сақалды емес, не көсе емес, бет-ауызда шиырылып, әр жерде бес-алты қылтанақ өскен, *ұстараның жүзіндей лытып тұрған* жігіт қана көрінеді (М.Мағауин).

Мәдениет үйінің алды *сеңдей соғылысқан* жастар екен (Е.Мырзахметов).

Туған күн тойы түн ортасы ауа бітті. Әлгінде ғана төргі бөлмеде **ине шаншарға жер жоқ** еді... (Ш. Күмісбаев).

Мұндағы қою жазылған тұрақты тіркестердің барлығы да фразеологиялық тізбекке мысал болады. Бұлар еркін тіркестің ауыс мағынада қолданылуынан келіп шыққан.

Біреп сағаттан соң, Мойылды деген жыланшақ өзен бар еді, соған **ат басын тіредік** (М.Мағауин).

Көктемде колхоздың жалпы жиылысында шарттасқан үш бригада, бүгін көмбеге **үзеңгі қазғыса жетіп** тұр (М.Әуезов).

Енді-енді ел қатарына қосылып, түтін түтетіп келе жатқанымда **шаңырағымды ортасына түсірейін** дегені ме?

Бастапқы екі мысалдағы тұрақты тіркестер малмен күнелткен ата-бабаларымыз үшін еркін тіркес, қазіргі біздің буын үшін фразеологиялық тізбек болса, бізден кейін келер ұрпақ бұл фраза фразеологиялық тұтастық болуы мүмкін. Үшінші мысалдағы шаңырағын ортасына түсіру тұрақты тіркесі де көшпенді өмір кешкен ата-бабаларымыз үшін еркін тіркес, біздің буын үшін – фразеологиялық тізбек, келер ұрпақ фразеологиялық тұтастық деп қабылдамасына кім кепіл. Бұл келтірілген мысалдарымыздың барлығы да ауызекі сөйлеу стильдік қабатындағы фразеологизмдерге жатады.

Ал сенің істеп отырғаның мынау: **ел аман, жұрт тынышта, о заман да бұ заман** оқып жүрген институтты тастап кету деген не масқара?! (Қ.Жұмаділов).

Бұлардың бәрі Кенжешке өз құттыханасынан дәм татқызған, **от басы, ошақ қасында** онымен бел шеше сөйлескен адамдар (Т.Әмірқұлов).

Әбдіғаппар серінің **фәниден бақиға көшкенін** жақында ғана естідім (М.Мағауин).

Сыр тартып сұрады, тістене, ала көзі адырая ештеңе деиеген қалпы түксие **жанарымен жер шұқыды** (Ш.Құмарова).

Аядай үйлеріне келіп, тап-тұйнақтай дастарқан басында тәтті дәмі сондайдан бұрқырап, бұрылмасты бұрғыздырып, **сілекейді шұбыртатын** асты рақаттана ішетін (Ш.Құмарова).

Құмға қарай ертең ірге көтергесін **шілдің бозындай бытырап** кетеміз ғой, – деді екінші біреу (Т.Әлімқұлов).

Бұл мысалдардағы қою жазылған фразеологиялық тізбектер бейтарап және кітаби стильдік қабатта тұрақты тіркестерге жатады.

Яғни фразеологиялық бірлік фразеологизмдердің барлық стильдік қабаттарында функцияланып, тұрақты тіркестердің ең көп тараған

түріне жатады. Бірақ мағына тұтастығы көнере, көмескілене келе фразеологиялық тұтастық қатарына өтіп кетуі де мүмкін құбылыс екендігіне көзіміз жетті.

3.3. Фразеологиялық тізбек фразеологиялық бірлік тәрізді еркін тіркесті ауыспалы мағынада қолданудан келіп шығады. Яғни тұрақты тіркес сыңарларының бастапқы лексикалық мағынасы бүтіндей жойылмағанымен, жойылуға жақындап, күңгірт тарта бастаған. Мұнда ерікті мағынасындағы сөз бен фразеологиялық қалпындағы сөздің тіркесуінен жасалып, сол тізбек күйінде қолданылады. Мысалы, *бота көз, қоян жүрек, асқар бел, тоң мойын, сойдақ тіс, қауға бас, оймақ ауыз, бауырсақ мұрын, кем иек, ала қол, қара бет, жел аяқ, қарсақ жон, қолаң шаш, мысық мұрт, алтын айдар, жуан жұдырық, қозы жауырын, ақ саусақ, балды бармақ, кең қолтық, көк езу, салпы ерін, кер азу, теке сақал, торсық шеке, жез таңдай, қызыл тіл, күміс көмей, қамыс құлақ, шөп желке, қу жақ, қызыл кеңірдек, біз тұмсық, бір төбе, зор кеуде, шер көкірек, аршын төс, қабырға ағайын, көк жұлын, жүйке тамыр, аш бүйір, еркек кіндік, салқын қанды* т.б.

Фразеологиялық тізбектің құрамындағы еркін (тура) мағынадағы сөз сан алуан сөздермен тіркесіп жұмсалыу қабілеті болса, фразеологиялық туынды мағынадағы сөз бірді-екілі сөзбен ғана шектеліп қолданады. Мәселен, көк бет, қысыр сөз, қасқа жол деген фразеологиялық тізбектердің құрамындағы бет (жалпақ бет, дөңгелек бет, сопақ бет), сөз (аз сөз, көп сөз, дұрыс сөз, бұрыс сөз), жол (үлкен жол, қара жол, соқпақ жол) деген қыруар сөздермен тіркесіп қолданыла берсе, фразеологиялық мағынадағы көк сөзі бет сөзімен, сөз – қысыр сөзімен, жол – қасқа сөзімен ғана тіркеседі.

Фразеологиялық тізбектің сыңарларының бастапқы мағынасы онша ашық та айқын болмағанымен, солғын тартып сезіліп тұрады. Мысалы: *көз ұшында, көз жеткісіз, көзін тырнап ашқалы, көзі тірісінде, көз шалым жер, көз барда, көзімдей көр, көзі жоғалды, көзі ілінді, көз жетті* т.б.

Фразеологиялық тізбекті, бір ерекшелігі, барлығына дерлігі бейтарап фразеологизмдердің қатарында қарастырылады. Бұл түсінікті де, бейтарап фразеологизмдер мен фразеологиялық тізбектер сөздерді тек жай ғана анықтап тұрады.

Қорытынды. Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер ғалымдар арасында кеңінен тараған – көне, пассив және актив фразеологизмдер деп – үш аспектіде қарастырылды.

Қазіргі қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер көне фразеологизмдердің есебінен де толығып отыратыны анықталды. Көне фразеологизмдер – архаизмдер және тарихи фразеологизмдер деп бөліп қарастырылды. Архаизмге қатысты тұрақты тіркестер халықтың күн көріс тіршілігіне, салт- сана тұрмысына, әдеп-ғұрпына, дүние танымына қарай әр дәуірде өзгеріп, басқаша сөздермен ауысып отырған немесе ескіріп біржола қалып қоюына байланысты қазақ тілінде салт-сана, әдет- ғұрыпқа қатысты фразеологизмдер, діни ұғымға қатысты фразеологизмдер, үй тұрмысына қатысты фразеологизмдер, адамға қатысты фразеологизмдер, көңіл-күйге қатысты фразеологизмдер деп топтастырылды.

Тарихи тұрақты тіркестерді мағыналық ерекшелігіне байланысты тарихи кезеңдерге қатысты фразеологизмдер, әскери атақ пен қару түрлеріне қатысты фразеологизмдер және кеңес үкіметінің басқаруына қатысты фразеологизмдер деп топтастырылды. Көне тұрақты тіркестер қолданылу дәуіріне қарай – фольклорлық шығармаларда қолданылған көнерген фразеологизмдер, көне түркі жазба ескерткіштер тіліндегі фразеологизмдер, XV-XVIII ғасырлардағы ақын-жыраулар шығармаларындағы көнерген фразеологизмдер, XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы шығармаларда қолданылған көнерген фразеологизмдер, кеңес дәуірі тұсындағы шығармаларда қолданылған фразеологизмдер – деп, бес топқа сараланды. Себебі өткен дәуірлерде оқиғалар, іс-әрекеттер, адамдар жайында жазылған шығармаларда, яғни тарихи туындыларда қолданылған көне, пассив фразеологизмдер де, өзге тілдік элементтер секілді, заман шындығын танытады.

Пассив фразеологизмдер қазіргі уақытта тілімізде актив қолданылмаса да, нақты көне фразеологизмдердің қатарына енгізілмеген. Олар мағыналық ерекшеліктеріне қарай – уақыт, мерзім өлшемдеріне қатысты фразеологизмдер, көлем өлшемдеріне қатысты фразеологизмдер, ұзындық, қалыңдық, тереңдік өлшемдеріне қатысты фразеологизмдер – деп үш топқа топтастырылды.

Актив қолданыстағы тұрақты тіркестер фразеологизмдердің түрлеріне – фразеологиялық тұтастық, фразеологиялық бірлік, фразеологиялық тізбек – деп үш топта қарастырылды. Олардың ішіндегі ең көп тараған түрі фразеологиялық бірліктер екені анықталды. Сондай-ақ фразеологизмдердің жеке стильдік қабаттағы түрлері қарастырылып, фразеологизмдердің бейтарап стильдік қабатында, негізінен, фразеологиялық тізбек қолданылатыны анықталды. Өйткені олар тек заттың, ұғымның атауын ғана білдіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- ӘБІЛҚАСЫМОВ, Бабаш (1983), Әбілғазының «Шежіре-и-түркі» атты шығармасындағы тұрақты тіркестер // Ескі түркі жазба ескерткіштері туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым. – 82-97-б.
- БОЛҒАНБАЙҰЛЫ, Әсет; ҚАЛИҰЛЫ, Ғұбайдолла (1997), Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат. – 256 б.
- БОРАНБАЕВА, Гүлнұр (1994), XV-XVIII ғ. Қазақ поэзиясы тіліндегі фразеологизмдер. Филол. ғыл. канд. дисс. – Алматы. – 169 б.
- ЖҰБАНОВ, Есет (1978), Эпос тілінің өрнектері. – Алматы: Ғылым, – 184 б. Қазіргі қазақ тілі (1954). – Алматы: Ғылым. – 564 б.
- СЫЗДЫҚ, Рабиға (1997). Сөз құдіреті. – Алматы: Санат. – 224 б.